

Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» КММ 2024 жылдың 10 айының қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

АНЫҚТАМА

Қызылорда қ.

21.05.2025ж.

Қазақстан Республикасы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясында 2024 жылдың 10 айының қорытындысымен талдау жасалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісі:

«Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия» КММ жұмысшы тобы жүргізді.

«Н.Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназия» КММ орналасқан жері: Ақмешіт шағын мөлтек ауданы №34, электрондық почта 9shkolagimnaziya@mail.ru, телефон 8(7242)22-14-52

Көрсетілген мерзімде Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Нағи Ильясов атындағы №9 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

№9 мектеп-гимназиясында жалпы қызметкерлер саны –219

Жүргізілген талдама құжаттарды қарай келе, білім беру ұйымында – педагог қызметкерлер саны – 173, оның ішінде 1 директор, 6 орынбасар, 3-педагог-психолог (1 бала күтімінде), 1-тәлімгер, 2-әлеуметтік педагог(1 бала күтімінде), 1-дефектолог, 1-логопед, педагог-ассистент -17 (1 бала күтімінде), 2- кітапханашы, 15 педагог бала күтімінде, 1 педагог ақысыз демалыста.

Мектеп-гимназия директорының III санатты басшылық санаты бар. Оқу орынбасарлары бойынша III санатты басшының орынбасары-1. «Білім беру жүйесінің 1000 көшбасшысы» -1.